

"Қазақстандық бітімгершілік батальоны" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 маусым N 889 Қаулысы. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстандық бітімгершілік батальоны" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 14 маусымдағы
N 889 қаулысымен
бекітілген

"Қазақстандық бітімгершілік батальоны" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстандық бітімгершілік батальоны (бұдан әрі - Қазбат) Қазақстан Республикасының халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі міндеттемелерін орындауға арналған бітімгершілік құралымы болып табылады.

2. Қазбат өзінің іс-қызметін Конституцияға, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Қазбат мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі, белгіленген ұлгідегі мөртаңбалары мен бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары болады.

Қазбат өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

4. Қазбат өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша, заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша батальон командирінің бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Қазбаттың құрылымын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді, ал шектеулі штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің штат саны лимитінің шегінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

6. Қазбаттың заңды мекен-жайы Қапшағай қаласы, 32363 әскери бөлім.

7. Қазбаттың толық атауы - "Қазақстандық бітімгершілік батальоны" мемлекеттік мекемесі.

8. Қазбатты құру туралы кесім мен осы Ереже оның құрылтайшылық құжаттары болып табылады.

9. Қазбат Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағында болады.

10. Қазбатты қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Оның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Қазбаттың кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

2. Қазбаттың міндеттері және функциялары

11. Қазбаттың негізгі міндеті даулы мәселелердің және жанжал жағдайларының алдын алуға, шешу мен реттеуге жәрдемдесу, сондай-ақ жанжалдасуши тараптардың көзқарастарын жақыннату мақсатымен бітімгершілік қызметіне қатысу болып табылады.

12. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде Қазбат мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) халықаралық қатысады қамтамасыз ету және қүш-қуатты айғақтау (өздерінің, мүмкіндіктерін ашық көрсету жөнінде Қазбат қолбасшылығы жүргізетін іс-шаралар кешені);

2) бітімге келу мен оқ атуды тоқтату туралы келісімдер шарттарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

3) жауапкершілік аймағын белгілеу (бейбітшілікті қорғау жөніндегі операцияларда міндеттерін орындау үшін Қазбатқа белгіленген жерлер учаскесі), егесуші тараптарды айыру, қарусыздандырылған аймақтар, айыру аймақтарын, ізгілік дәліздерін құру, тараптардың күштерін ыдырату, олардың осы аймақтардағы қозғалыстары мен қақтығыстарының алдын алу;

4) жанжалды бейбіт жолмен реттеу жөніндегі келіссөздер және басқа да іс-шаралар үшін жағдайлар жасау, жауапкершілік аймақтарында зандалықты, құқық тәртібін, қоғамдық және мемлекеттік институттардың қалыпты жұмысын қалпына келтіру;

5) оқ атуды тоқтату және уақытша бітім туралы келісімдердің бұзылу фактілерін анықтау және олар бойынша тергеулер жүргізу;

6) жауапкершілік аймағындағы жерді және халықтың іс-әрекеттерін бақылау, жаппай тәртіпсіздіктерге қарсы іс-қимыл жасау, адам құқықтарын қамтамасыз етуге көмектесу;

7) жауапкершілік аймағындағы бекіністік құрылыштардың, қоршаулардың және миналы алқаптардың жойылуын бақылау;

8) жанжалдасуши тараптар арасындағы байланысты, олардың арасында барлық деңгейде кездесулер өткізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану;

9) жауапкершілік аймақтарында әскери техника, қару-жарақ, оқ-дәрі және жарылғыш заттар тасымалын бақылау, заңсыз әкелінуінің (тасымалдан әкелінуінің) және шығарылуының (тасымалдан әкетілуінің) жолын кесу;

10) жауапкершілік аймағында көліктің барлық түрінің қауіпсіз транзитін және коммуникациялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

11) жауапкершілік аймағында жанжалдасуши тараптардың халқы арасында қалыпты байланыстар қалыптастыруға көмектесу;

12) халықаралық қауымдастық қабылдаған және Қазақстан Республикасы қолдаған санкцияларды қамтамасыз етуге қатысу;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарында көзделген өзге де функциялар.

13. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға қатысадан тыс кезеңде Қазбат Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларына сәйкес міндеттер мен функцияларды орындауды.

3. Қазбаттың басшылығы

14. Қазбатқа басшылық етуді батальон командирі жүзеге асырады. Батальон командирін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі жоғары білімді, әскери және құқықтық жұмыс тәжірибесі бар офицерлер ішінен тағайындауды.

15. Қазбат командирі Қазақстан Республикасының Корғаныс министріне, ал Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда - Біріккен Ұлттар Ұйымы құштерінің қолбасшылығына бағынады.

16. Қазбат командирі батальонының бүкіл жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады. Батальон командирінің заңнамада белгіленген тәртіппен қызметіне тағайындалатын және қызметінен босатылатын төрт орынбасары, оның ішінде біреуі бірінші орынбасары болады.

Қазбат командирінің функцияларына мыналар кіреді:

1) батальонның жеке құрамының жауынгерлік, құқықтық дайындығы мен тәрбиесіне басшылық ету;

2) батальонның штабымен, офицерлерімен, прaporщиктерімен және сержанттарымен сабактар, сондай-ақ бөлімшелерімен жаттығулар мен сабактар жүргізу;

3) батальонда күн тәртібі мен ішкі тәртіпті орнату және сақтау;

4) бөлімшелер офицерлерінің, прaporщиктерінің, старшиналары мен сержанттарының әскери және моральдық-психологиялық қасиеттерін білу;

5) жаңадан келетін толықтырылымның бөлімшелер бойынша бөлінуін бақылауды жүзеге асыру;

6) қылмыстар мен оқиғалардың алдын алу жөнінде шаралар қолдану;

7) қару-жарақпен, жауынгерлік және басқа да техникамен, оқ-дәрімен жұмыс істеу кезінде, сабактар, оқ атулар және жаттығулар өткізу кезінде қауіпсіздік шаралар белгілеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

8) батальонның қаржы және шаруашылық іс-қызметіне басшылық ету;

9) батальонның казармалық-тұрғын үй қорының және басқа да ғимараттары мен құрылыштарының, аумақтарының ұсталуын және дұрыс пайдаланылуын, сондай-ақ бірге өртке қарсы күзет жағдайын бақылауды жүзеге асыру;

10) батальонның тұрған жерін күзеттуді ұйымдастыру, қарауылдық және ішкі қызметтердің өткерілуін, жеке құрамның, қару-жарақтың және әскери техниканың жауынгерлік дайындығын тексеру;

11) қызметтер бойынша материалдық қаражаттың, сондай-ақ бірге ақша сомалары мен бағалы қағаздардың бар-жоғына тексеру жүргізу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарында көзделген өзге де функциялар.

4. Қазбатты қолдану негіздері

17. Қазбаттың халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға қатысуы туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарында көзделген тәртіппен қабылданады.

Қазбат жанжал ауданына қақтығысушы тараптар арасында оқ атуды тоқтату туралы келісімге қол жеткізілгеннен немесе уақытша бітім жасасқаннан және олар бұл келісімдерді орындағаннан кейін енгізілуі мүмкін.

18. Қазбаттың іс-әрекетінің негізгі қағидаттары:

алаламау және бейтараптылық;

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға Қазбат қатысатын аумақтағы мемлекеттік (мемлекеттердің) заңдарын орындау;

жергілікті халықтың дәстүрлері мен ғұрыптарын құрметтеу;

ұрыс әрекеттеріне қатыспау;

осы Ереженің 16-тармағында көзделген ерекше жағдайлардан басқа жағдайларда қару қолданбау;

транспаренттілік (іс-әрекеттің ашықтығы).

19. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға қатысатын Қазбаттың жеке құрамының саны Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің Мандатына айтылған жанжал аймағындағы шешілетін міндеттердің көлемі мен нақты жағдай ескеріле отырып айқындалады.

5. Қару қолдану тәртібі

20. Тапсырмаларды орындау кезінде қазбат жеке құрамының штаттық қаруы болады және оның дұрыс қолданылуы үшін тікелей дербес жауап береді.

21. Өздерінің функцияларын орындау кезінде Қазбаттың жеке құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарында көзделген тәртіппен қару қолдануға құқылы.

6. Қазбаттың жеке құрамының мәртебесі және әлеуметтік-құқықтық қорғалуы

22. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларда қызмет өткеру кезінде Қазбаттың жеке құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарында көзделген мәртебені, артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

7. Қазбаттың рәміздері

23. Қазбаттың алыс қашықтықтан және нашар көрінетін жағдайда да оңай ажыратылуы тиіс өзінің айырым белгілері болады.

Айырым белгілері Қазбаттың жеке құрамының нысандағы киімдеріне тағылады, әскери техникасы мен көлік құралдарына салынады, командалық пункттері мен шептеріне, сондай-ақ демаркациялық жолақтарға (қақтығысуышы тараптарды айыру жолақтарына) орнатылады.

Қазбаттың айырым белгілері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бекітіледі.

8. Қазбаттың мүлкі

24. Қазбат мемлекет берген, негізгі және айналымдағы құралдардан, сондай-ақ құны батальонның теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұратын оқшауланған мүлікті жедел басқару құқығына ие.

25. Қазбатқа бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Қазбаттың өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше оқшаулауға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

9. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қазбатты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.